

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 931 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 шілдеде № 5061 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 30.09.2015 № 86 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 129 ұсынысына сәйкес Жаңақорған кентінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсақ малдар арасында "Қойдың жұқпалы энтеротоксемиясы" және "Пастереллез" ауруының анықталуына байланысты Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдау сұралсын.

3. Шешімнің орындалуын бақылау "Жаңақорған кенті әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Қ.Ауезбековке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған кентінің әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау

және қадағалау комитетінің

Жаңақорған аудандық аумақтық

инспекциясы" мемлекеттік

Қ. Сапарбаев

мекемесінің басшысы

И. Ахметов _____

"14" шілде 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК